

**Автор:****Пән:** Қазақ тілі**Сынып:** 1-сынып**Бөлім:** Өзім туралы**Тақырып:** Сәлем! Сенің атың кім?

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	1.2.1.2 сабақ барысында сөйлесу арқылы дұрыс сөйлеу дағдыларын қалыптастыру 1.2.9.1 Сұраққа дұрыс жауап беріп, жолдасының атын дұрыс сұрай білуге үйрету.
Сабақтың мақсаты:	Барлығы: Жаңа білімді меңгереді. Көбі: Тақырыптың мазмұнын талдайды, пікірлерін дәлелдейді, тапсырмаларды орындайды
Тілдік мақсаттар:	
Күтілетін нәтиже:	өзін қазақ тілінде таныстыра алады
Бағалау критерийлері:	
Құндылықтарды дарыту:	Оқушыларды бір-біріне деген құрмет көрсетуіне тәрбиелеу.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Аудиожазба , таныстырылым.
Пәнаралық байланыс:	Өнер, ана тілі сабағы
Бастапқы білім:	

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (5 мин)	Сабақтың жоспарланған кезеңдері Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет Ресурстар Сабақтың басы Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру	
Сабақтың ортасы (15 мин)	Оқулықтағы суреттермен жұмыс. Сол бойынша сұрақтар қою. Сөйлету. 1 Балалар, ребустың шешуі – «Қазақ тілі сабағында». - Ал, бізде қазір қандай сабақ? - Қазақ тілі сабағы. - Қазақ тілі нешінші сабақ? - Қазақ тілі 2-сабақ. - Біздің топта неше оқушы оқиды? - Біздің топта 13 оқушы оқиды. - Біздің топта неше ұл бар? - Біздің топта 8 ұл топ бар. - Біздің топта неше қыз бар? - Біздің топта 5 қыз бар. - Сабақта біз қандай жұмыстар атқарамыз? - Біз мәтін оқимыз, аударамыз, жаттығу жазамыз. Сәлем, сенің атың кім? - Сәлем, менің атым – Нұржан. Сенің атың кім? - Менің атым – Айжан. - Айжан сен нешінші сыныпта оқисың? - Мен төртінші сыныпта оқимын. - Сенің сүйікті пәндерің бар ма? - Иә, маған математика, қазақ тілі пәндері ұнайды. - Қазақ тілі сабағында не істейсіңдер? - Қазақ тілі сабағында мәтін аударамыз, оқимыз, қызықты тапсырмалар орындаймыз. (Оқушыларға сөз беріледі. Оқушылар ойы.) - Сонымен, балалар, біз қандай жұмыстар атқардық? - Біз сөйлестік, диалог тыңдадық. Тапсырма (сөйлеп үйрен) 1. Сәлем! 2. Сәлем, менің атым - 3. Сенің атың кім? 4. Менің атым - 1 тапсырма (жаңа дыбыс және оның әріпімен таныс) «Әә» әріпі.	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың соңы (8 мин)	<p>Қызықты тапсырма 8 минут Топтарға шығармашылық тапсырма: Диалог I топ - Қандай сабақ басталды? - _____ - Мұғалім не істеді? - _____ - Тақтаға кім шықты? - _____ - Диана не істеді? - _____ - Біз не істедік? - _____ Диалог II топ - Қандай _____ басталды? - Қазақ тілі сабағы басталды. - Кім сұрақтар _____ ? - Мұғалім сұрақтар қойды. - Кім _____ шықты? - Арман мен Жалғас тақтаға шықты. - _____ не істеді? - Диана мәтін оқып, аударды. - Біз қандай тапсырмалар? - Біз қызықты тапсырмалар орындадық. - Диалог III топ - Не соғылды? - _____ соғылды. - Қандай _____ басталды? - _____ басталды. - Кім _____ қойды? - _____ қойды. - Диана нені _____ ? - Диана мәтін _____ . - Біз не _____ ? - Біз _____ жаздық. (Белсенді балаларға смайлдар беру) - Балалар, құрылған диалогтар мен мәт</p>	
Рефлексия (2 мин)	<p>Бүгінгі сабақта болған көңіл – күйді бас бармақ саалынған суреттер арқылы бағалау. Бас бармақтар Дифференциация – оқушыларға көбірек қолдау көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай тапсырмалар қоюды жоспарлап отырсыз?</p>	